

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 10 қарашадағы № 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 қарашада № 30538 болып тіркелді.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-1-бабының 6-тармағына, 84-бабының бесінші бөлігіне, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 175-б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі*

Ю. Ильин

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 10 қарашадағы
№ 184 бұйрығына
қосымша

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-1-бабының 6-тармағына, 84-бабының бесінші бөлігіне, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 175-б) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғау органдарының (бұдан әрі – АҚО) жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың күші АҚО қызметкерлеріне (арнаулы атақтағы), әскери қызметшілеріне (ұдайы және ауыспалы құрам) және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымының курсанттарына (бұдан әрі - қызметкерлер) қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) дене тәрбиесі – салауатты өмір салтын насихаттаудың және жеке құрамның дене бітімін дамытудың маңызды нысаны;

2) экологиялық тәрбие – АҚО қызметкерлерінде өрттер мен төтенше жағдайлар кезінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік саласында практикалық білімді, іскерлікті және құндылық бағдарларын, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтау, өрттер мен төтенше жағдайлардың салдарын азайту бойынша кәсіби дағдыларды қалыптастыру;

3) экономикалық тәрбие – Заңның 16 бабымен қарастырылған өзінің міндеттерін табысты орындау үшін қажетті экономикалық білімді, дағдыларды, машықтарды қалыптастыру мақсатында АҚО қызметкерлеріне ықпал ету;

4) эстетикалық тәрбие – АҚО қызметкерлеріне олардың рухани әлемінің эмоциялық-сезімдік саласын жан-жақты дамыту мақсатында әсер ету.

3. Тәрбие және идеологиялық жұмыс осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылға арналған азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес АҚО-ның бөлімшелерінде жүргізілетін үздіксіз процесс болып табылады.

4. Тәрбие және идеологиялық жұмыс:

1) тоқсан сайын тақырыптық дөңгелек үстелдер, ерлік сабақтарын, жеке құрамның АҚО, соғыс және еңбек ардагерлерімен, мемлекеттік және қоғам қайраткерлерімен, мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;

2) тікелей басшылардың, кадр қызметінің, оның ішінде жеке құрам бойынша инспекцияның, психологтардың өздерінің қызметтік, әскери тәртіпті, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін, "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 81 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі қызметкерлерінің әдеп кодексін сақтауы, Заңның 16-бабымен, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабымен қарастырылған міндеттерін ұқыпты және адал орындауы Отанға және АҚО-дағы қызметке мақтаныш, патриотизм сезімін дарыту тұрғысынан жеке құраммен жеке-тәрбие жұмысы (бұдан әрі - ЖТЖ) кезінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. АҚО кадр қызметтері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес АҚО жеке құрамымен тәрбиелік және идеологиялық жұмыс жоспары тармақтарын орындау туралы жартыжылдық жинақталған есепті 1 шілдеге және 5 қаңтарға ұсынады.

6. АҚО-дағы тәрбие және идеологиялық жұмыстың нәтижелілігін бағалау жедел-қызметтік іс-әрекеттің нәтижелері, заңдылық пен қызметтік тәртіптің жай-күйі, АҚО-ның және оның қызметкерлерінің қызметіне заңды және жеке тұлғалардың шағымдарын бағалау бойынша жүзеге асырылады.

7. АҚО тәрбие жұмысының мақсаты қызметкердің азамат, кәсіпқой, АҚО-да қызмет ету қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне негізделген қасиеттерге ие жоғары адамгершілік тұлға ретіндегі жеке қасиеттерін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

8. АҚО жеке құрамымен тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

Заңның 16-бабымен, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабымен қарастырылған міндеттерін адал орындау, сондай-ақ адамдарға кез келген жағдайда көмек көрсету үшін жеке құрамның кәсіби қасиеттерін және моральдық-психологиялық дайындығын тәрбиелеу;

жеке құрамда құтқарушының адамгершілік және кәсіби бейнесіне жауапкершілік және сатылмаушылық айрықша белгілеріне сәйкес мінез-құлық үлгісін қалыптастыру;

жеке құрамды жүктелген тапсырмаларды, Заңның 16-бабымен, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабымен қарастырылған міндеттерді адал және кәсіби орындауға, ұжымда тәртіпті және әлеуметтік қатынастарды сақтауға ынталандыру;

жеке құрамның бойына Қазақстан Республикасының заңнамаларына және басшылардың заңды бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттіктері шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындау;

жеке құрамның салауатты өмір салтына, дене бітімін жетілдіруге, физикалық және психологиялық жүктемелерге төзуге дайындығы мен қабілетіне қажеттілігін дамыту болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Азаматтық қорғау органдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәртібі

9. АҚО тәрбие жұмысының негізгі нысандары:

- 1) әлеуметтік-құқықтық жұмыс;
- 2) жеке құрамды хабардар ету және даярлау;
- 3) тәртіп пен құқықтық тәртіпті нығайту;
- 4) мәдени-демалыс жұмысы
- 5) ЖТЖ;

6) АҚО бөлімшелерінің басшыларын оқыту және тәрбие жұмысының әдістерін жетілдіру;

7) тәрбие жұмысын ұйымдастырудың оң тәжірибесін зерделеу және алмасу;

8) ақпараттық-иллюстрациялық материалдарды әзірлеу және жариялау болып табылады;

9) ақпараттық телебағдарламаларды, радиохабарларды, хроникалық-деректі фильмдерді, аудио және бейнематериалдарды тыңдау және қарау;

10) қызметкерлердің басшы құраммен, АҚО-ның, соғыс және еңбек ардагерлерімен, батырлармен, мемлекет қайраткерлерімен және белгілі адамдармен кездесулері;

11) аудио және бейнематериалдарды, ақпараттық-анықтамалық материалдарды, жадынамаларды дайындау және шығару;

12) сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған қызметкерлерге қатысты жеке құрамның қатысуымен ашық сот отырыстарын өткізу және сот үкімдерін жеткізу.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Тәрбие жұмысының негізгі құралдарына мыналар жатады:

- 1) мәдени-демалыс мекемелері;
- 2) ақпараттық-тәрбие жұмысының бөлмелері;
- 3) кітапханалар;
- 4) музейлер;
- 5) техникалық тәрбие құралдары;
- 6) жылжымалы ақпараттық кешендер;
- 7) көрнекі ақпарат құралдары;
- 8) АҚО құтқарушыларының құрылымдары (бұдан әрі - құрылымдар).

Ескерту. Қағидалар 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Тәрбие жұмысын барлық деңгейдегі АҚО бөлімшелерінің басшылары, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астананың аумақтық органдары басшыларының кадр және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары, ал олар болмаған жағдайда – тиісті қызметтер жүктелген лауазымды адамдар, кадр және тәрбие жұмысы бөлімшелері, психологтар жүргізеді және жеке құрамның жоғары кәсіби, азаматтық және моральдық-психологиялық қасиеттерін қалыптастыруға, жалпы мәдениет деңгейін арттыруға, оларды жедел-қызметтік міндеттерді тиімді орындауға жұмылдыруға бағытталған.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тәрбие жұмысының негізгі түрлеріне:

1) Мемлекеттік Гимнді, Қазақстан Республикасының нышандарын, Төтенше жағдайлар министрлігінің Туын және ерекше көзге түскен қызметкерлерді марапаттауды пайдалана отырып, мемлекеттік және өзге де мерекелерге орайластырылған салтанатты іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ тақырыптық бейнероликтерді көрсету;

2) жеке құрам үшін мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларын, тарихи, киелі орындарға және жауынгерлік даңқ орындарына экскурсиялар, жорықтар ұйымдастыру;

3) ескерткіштер, тастар орнату, мемориалдық тақталарға гүл шоқтары мен гүлдер қою жолымен қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлерді мәңгі есте сақтау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жатады.

12. Тәрбие жұмысының тиімді әдістері – сендіру, үлгі, жаттығу, көтермелеу, мәжбүрлеу, бәсекелестік, сын және өзін-өзі сынау, насихаттау, үгіт, пікірталас, ақпараттандыру болып табылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. АҚО қызметкерлерінің бойында тұрақты білім, көзқарастар мен түсініктерді қалыптастыру, құқықтық мәдениетті, белсенді мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін дамыту мақсатында дене тәрбиесі, экономикалық тәрбие, эстетикалық тәрбие, экологиялық тәрбие жүргізіледі.

Дене тәрбиесі жеке құрамның дене шынықтыру мәдениетін жетілдіруге, олардың бос уақытын белсенді ұйымдастыруға, денсаулықтарын нығайтуға және шынықтыруға, моральдық-ерік, жауынгерлік және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

АҚО қызметкерлерін экономикалық тәрбиелеудің негізгі бағыттары болып мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауды қалыптастыру мен материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік құралдарды ұтымды пайдалану табылады.

Эстетикалық көзқарас киім нысанына және сыртқы келбетіне қалыптасады.

Экологиялық тәрбие АҚО қызметкерлердің төтенше жағдайлар кезінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік саласында практикалық білімдерін, қабілеттері мен құндылық дағдыларын қалыптастырады.

13-1. Әлеуметтік-құқықтық жұмысты АҚО басшылары, олардың кадр және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, кадр және тәрбие және кәсіптік даярлықты ұйымдастыруға жауапты бөлімшелердің қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тарау 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-2. Әлеуметтік-құқықтық жұмыс құралдарына тәртіпті нығайту мәселелері бойынша әдістемелік құралдар (брошюралар, буклеттер, жадынамалар) жатады, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету, құқықтық білім бұрыштары, әлеуметтік-құқықтық тақырыптағы деректі фильмдер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы айдарлар, көрнекі және техникалық ақпарат құралдары.

Ескерту. 2-тарау 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-3. Әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі іс-шараларды іске асыру ұжымдарда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды, қызметтік тәртіптің жоғары деңгейін

және АҚО-дағы заңдылықты сақтау мүддесінде қызметкерлердің санасына тәрбиелік ықпал етудің нысандары мен әдістерінің бірлігі мен келісімділігін көздейтін кешенді жүйелі тәсілді болжайды.

Ескерту. 2-тарау 13-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-4. АҚО-дағы әлеуметтік-құқықтық жұмыстың негізгі міндеттері:

- 1) қызметкерлерді әлеуметтік-құқықтық ағарту;
- 2) қызметкерлерді мемлекеттік саясат мәселелеріне бағдарлау;
- 3) АҚО қызметін регламенттейтін заңнамалық және нормативтік актілердегі өзгерістер, азаматтық қорғау жүйесінде болып жатқан реформалар мен оқиғалар туралы хабардар ету;
- 4) ұжымдарда әлеуметтік-психологиялық процестерді зерделеу және болжау;
- 5) басшыларды қызметтік қызметің құқықтық негіздеріне оқыту;
- 6) қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалуын нығайту;
- 7) жеке құрамды қызметтік міндеттерін адал атқаруға ынталандыру және мотивация мақсатында қызметте ерекшеленген қызметкерлерді ажырасуларда, нұсқамаларда, кеңестерде, салтанатты іс-шараларда жария түрде көтермелеу;
- 8) қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік проблемаларын тиімді шешу мақсатында мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және қайырымдылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Ескерту. 2-тарау 13-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-5. АҚО-дағы әлеуметтік-құқықтық жұмыстың негізгі нысандары:

- 1) әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша жеке құрамға жеке және ұжымдық кеңес беру;
- 2) әлеуметтік-құқықтық тақырып бойынша қызметкерлердің барлық санаттарымен сабақтар (дәрістер, акпараттандыру, семинарлар, әңгімелер) өткізу;
- 3) әлеуметтік сауалнамалар (сауалнама);
- 4) қызметкерлердің отбасы мүшелерімен жұмыс.

Ескерту. 2-тарау 13-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-6. Қызметкерлердің отбасы мүшелерімен жұмыс тәртіп пен заңдылықты қатаң сақтау, отбасылық құндылықтарды нығайту және олардың отбасыларындағы

моральдық-психологиялық ахуалды сауықтыру бойынша шаралар кешенін қабылдау арқылы қызметкерлердің жоғары жауынгерлік рухын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

Ескерту. 2-тарау 13-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-7. Қызметкерлердің отбасыларымен жұмыс істеудегі негізгі міндеттер:

1) отбасылардағы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар мен моральдық-психологиялық жағдайды зерделеу, қызметкерлердің моральдық-психологиялық жай-күйіне және қызмет өткеру сапасына теріс әсер ететін факторларды анықтау;

2) қызметкерлердің отбасыларына консультативтік, психологиялық, әлеуметтік-құқықтық және өзге де қажетті көмек көрсету;

3) туындайтын проблемалық мәселелерді шешуде уақтылы шаралар қабылдау үшін АҚО басшылығына ұсыныстар әзірлеу және енгізу.

Ескерту. 2-тарау 13-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-8. Басшылар қызметінің қызметкерлердің отбасыларымен жұмысты ұйымдастыруда негізгі бағыттары:

1) бастықтарға, кадр, тәрбие және тәрбие жұмысы бөлімшелеріне қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің моральдық-іскерлік және рухани-адамгершілік қасиеттерін, отбасылық мәдениеті мен мінез-құлық этикасын жоғары қалыптастыруда көмек көрсету;

2) АҚО-дағы қызметтің имиджі мен беделін арттыру, қызметкерлердің отбасы мүшелеріне Отан қорғаушы мамандығына деген мақтаныш пен құрмет сезімін ояту;

3) қызметтік ұжымдарда салауатты моральдық-психологиялық атмосфера құру үшін қызметкерлердің отбасыларын психологиялық қолдау және біріктіру;

4) зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің саясатын, ұлтаралық және конфессияаралық келісім негіздерін, деструктивті және радикалды идеологияның мәнін түсіндіру мақсатында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін діни ағарту;

5) көп балалы және жас отбасыларға, қаза тапқан қызметкерлердің отбасыларына әлеуметтік, отбасылық-тұрмыстық мәселелерді шешуде көмек көрсету;

6) қызметкерлердің отбасыларының бос уақытын ұйымдастыру, позитивті әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді насихаттау, салауатты өмір салтын насихаттау, халық шығармашылығына және көркемөнерпаздыққа қатысу;

7) жалпы білім беретін және мектепке дейінгі мекемелермен оқыту, қызметкерлердің балаларына орын беру, олардың сауықтыру демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

8) қойылған міндеттерді шешу үшін жергілікті атқарушы органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және қайырымдылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Ескерту. 2-тарау 13-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-9. Қызметкерлердің отбасыларымен жұмыс істеудің негізгі принциптері:

- 1) жеке және сараланған тәсілдер;
- 2) жеке сипаттағы мәліметтердің құпиялылығын сақтау;
- 3) қызметкерлердің отбасы мүшелерімен өзара сыйластық, келісім және достық негізінде тұрақты және сенімді қарым-қатынас орнату;
- 4) әлеуметтік әріптестік, гендерлік теңдік, сындарлы өзара іс-қимыл және озық жұмыс тәжірибесімен алмасу қағидаттарын дамыту.

Ескерту. 2-тарау 13-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-10. Қызметкерлердің отбасыларымен жұмыс істеудің негізгі нысандары:

1) психологиялық-әлеуметтанулық жұмыс жүргізу арқылы қызметкерлердің отбасыларындағы моральдық-психологиялық ахуалды отбасы мүшелерімен зерделеу және түсіндіру (тәрбие, профилактикалық және құқықтық сипаттағы әңгімелесулер мен дәрістер, жеке әңгімелесулер, социологиялық сауалнамалар, анонимді сауалнамалар, тренингтер, консультациялар және бейресми қарым-қатынас нысандары);

2) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларды, моральдық-психологиялық ахуалды, отбасылық қатынастар саласындағы проблемалардың болуын зерделеу мақсатында қызметкерлердің отбасыларына бару;

3) қызметкерлердің отбасы мүшелерімен жұмыс мәселелері бойынша лауазымды адамдармен оқу-әдістемелік жиындар (өңірлерге барып) өткізу;

4) сұрақтар мен жауаптар кештері, АҚО басшылығының қатысуымен жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының, банк секторының өкілдерін шақыра отырып, қызметкерлердің отбасы мүшелерімен кездесулер;

5) отбасылық құндылықтарды, рухани-адамгершілікті және патриоттықты нығайту бойынша әртүрлі идеялық және гуманитарлық бағыттағы тақырыптық кештер;

6) қызметкерлердің отбасы мүшелері үшін "Ашық есік күні", "Батылдық сабақтарын", дөңгелек үстелдер, пікірталастар, кездесулер, көркемөнерпаздар конкурстарын, портреттер кештерін, демалыс кештерін, жастар және офицерлер балдарын, экскурсиялар, қайырымдылық және естелік акцияларын, спорттық жарыстар, театрландырылған қойылымдар мен концерттер, балалар ертеңгіліктерін өткізу.

Ескерту. 2-тарау 13-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-11. Мәдени-демалыс жұмысы АҚО-дағы тәрбиелік және әлеуметтік-құқықтық жұмыстың бір бөлігі болып табылады және оның басқа бағыттарымен тығыз өзара іс-қимылда жүргізіледі, олардың ішіндегі ең маңыздысы идеологиялық, патриоттық, адамгершілік және эстетикалық тәрбие болып табылады.

Ескерту. 2-тарау 13-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-12. АҚО-дағы мәдени-демалыс жұмыстарында әртүрлі формалар, әдістер, күштер мен құралдар бар, оларды шебер пайдалану – қызметкерлердің жоғары эстетикалық, моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, олардың рухани-эмоционалдық қалпын сақтауға, қызметтік міндеттерді сәтті шешуге жұмылдыруға ықпал етеді.

Ескерту. 2-тарау 13-12-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-13. АҚО-да мәдени-демалыс жұмысын ұйымдастырудың нысандары мен әдістерінің жүйесі мыналарды қамтиды:

- 1) жеке құрамға теле, радио, кино, аудио және бейне қызмет көрсету;
- 2) жеке құрамды әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз ету;
- 3) кәсіби және көркемөнерпаз ұжымдарының, мәдениет, спорт қайраткерлерінің, үгіт, көркемөнер және шығармашылық ұжымдардың сөз сөйлеуін ұйымдастыру;
- 4) жеке құрамның демалуына және моральдық рухын көтеруге ықпал ететін мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізу;
- 5) туған өлкенің тарихи және киелі жерлеріне экскурсиялар;
- 6) АҚО музейлері үшін материалдар жинау, тақырыптық көрмелер ұйымдастыру.

Ескерту. 2-тарау 13-13-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-14. Мәдени-демалыс жұмыстарының негізгі құралдарына мыналар жатады:

- 1) мәдениет үйлері;
- 2) мәдени орталықтар;
- 3) жылжымалы ақпараттық кешендер;
- 4) музейлер;
- 5) жауынгерлік даңқ бөлмелері мен бұрыштары.

Ескерту. 2-тарау 13-14-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-15. Мәдени-демалыс жұмысы тәрбие процесін жоспарлау жөніндегі құжаттарда жеке бөліммен көрсетіледі.

Ескерту. 2-тарау 13-15-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-16. Қызметкерлердің патриоттық, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесіне ықпал ететін мәдени-демалыс жұмысының тиімді элементтерінің бірі визуалды көрнекі үгіт болып табылады.

Ескерту. 2-тарау 13-16-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-17. Тікелей басшылар жүргізетін ЖТЖ – жеке құраммен тәрбие жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, және ұжымдарда салауатты моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға, тәртіп пен заңдылықтың бұзылуын алдын-алуға, қызметкерлерде жоғары моральдық-адамгершілік және мәдени қасиеттерді тәрбиелеуге, олардың кәсібилігін және қызметтік міндеттерін орындауға жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Ескерту. 2-тарау 13-17-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-18. ЖТЖ дегеніміз қызметтік міндеттерді орындау кезінде ерекше маңызы бар оның жеке қасиеттерін, қабілеттерін, ерекшеліктерін, мүдделерін, қажеттіліктерін, мінезін, әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларын жан-жақты зерттеу мақсатында көзделген нақты қызметкерге тәрбиелік ықпал етудің мақсатты шаралары.

Ескерту. 2-тарау 13-18-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-19. Жеке жұмыс принциптерін қолдана отырып, басшы өз қарамағындағыларға мамандықтың, корпоративті мәдениеттің ерекшеліктерін, практикада қызметтік міндеттерді шешу түрлері мен әдістерін жылдам және тиімді жеткізеді, қызметкердің қызметі мен мінез-құлқын түзетеді, оның қателіктерін көрсетеді, оларды түзетеді.

Ескерту. 2-тарау 13-19-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-20. ЖТЖ-ның негізгі мақсаттары:

- 1) қажетті кәсіби білімді, білікті және дағдыларды игеру;
- 2) қызметтік міндеттерді орындауға адал көзқарасты дамыту;
- 3) қызметтік тәртіп пен заңдылықты сақтау;
- 4) патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу.

Ескерту. 2-тарау 13-20-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-21. ЖТЖ-ның міндеттері:

ЖТЖ-ны жүргізуді талап ететін қызметкерлерді есепке алу;

ЖТЖ-ның жағдайын талдау және бақылауды жүзеге асыру;

ЖТЖ-ның оң тәжірибесін жалпылау және тарату.

Ескерту. 2-тарау 13-21-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-22. ЖТЖ бір жылға дейінгі мерзімде келесі адамдармен жүргізіледі:

1) АҚО-ға қызметке алғаш рет қабылданған қызметкерлер;

2) ведомстволық оқу орындарының түлектері;

3) қызметтік тәртіпті бұзуға бейім қызметкерлер;

4) отбасылық-тұрмыстық жағдайы қолайсыз қызметкерлер.

Ескерту. 2-тарау 13-22-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-23. Негізделген қажеттілік туындаған кезде басшылар кез-келген қызметкермен ЖТЖ жүргізеді.

Ескерту. 2-тарау 13-23-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-24. Басқарушы құраммен қатар ЖТЖ жүргізуге психологтар, тәлімгерлер, ПО ардагерлері және құрылымдар тартылады.

Ескерту. 2-тарау 13-24-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-25. ЖТЖ педагогика мен психологияның ұсынымдарын қолдану негізінде қызметкердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ол орындайтын қызметтік міндеттермен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 13-25-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-26. Қызметкердің жеке басын зерттеу ЖТЖ жүргізуге, тәрбиелік әсердің тиімді формалары мен әдістерін таңдауға негіз болады.

Ескерту. 2-тарау 13-26-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-27. Белгілі бір қызметкердің жеке басын зерттеу үшін танымдық әңгіме, бақылау, сипаттамаларды зерттеу сияқты әдістер қолданылады.

Ескерту. 2-тарау 13-27-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-28. Танымдық әңгіме жүргізу кезінде:

әңгіменің мақсатын, оның міндеттерін алдын-ала анықтау;

қарамағындағыларды сипаттайтын қолда бар құжаттарды, ол туралы тікелей бастықтардың пікірлерін зерделеу;

сенімді әңгімеге ықпал ететін орын мен уақытты таңдау;

әңгімелесу барысында жайбарақаттық, ізгі ниет ортасын құру қажет, әңгімелесуді жауап алуға айналдырмау керек;

әңгіме шығармашылық сипатта болады, жетекшінің өзі баяндайды;

әңгімелесу барысында әдептілікті сақтау, сұхбаттасушының пікірін, реакциясын ескеру, оны жүргізу кезінде жазбалар жасамау қажет;

әңгімелесу барысында алынған деректерді талдау, қолда бар мәліметтермен салыстыру қажет, бұл қорытындылардың объективтілігін арттырады;

танымдық әңгіме бағыныштылар туралы ақпарат көзі ғана емес, сонымен бірге тәрбиелік сипатта болады.

Ескерту. 2-тарау 13-28-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-29. Бақылау – қызметкерді қызметтік міндеттерді орындау кезінде, жеке уақытында, азаматтармен, әріптестермен қарым-қатынас кезінде әртүрлі жағдайларда зерделеуге мүмкіндік береді.

Ескерту. 2-тарау 13-29-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-30. Бақылау ұзақ немесе қысқа мерзімді болады. Ұзақ мерзімді (үздіксіз) бақылау қызметкердің негізгі жеке ерекшеліктерін, жалпы алғанда оның жеке қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Қысқа мерзімді (таңдамалы) бақылау қызметкердің жеке қасиеттерін зерттеуге көмектеседі.

Ескерту. 2-тарау 13-30-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-31. Бақылаудың тиімділігі келесі шарттардың сақталуына байланысты:

бақылау міндеттерін дәл анықтау;

оның барысында қызметкер өзін айқын көрсететін зерттеуге жататын жағдайларды таңдау;

бақылаудың жүйелілігі;

бақылау нәтижелерін бекіту және оларды талдау;

бақылау нәтижесінде алынған деректерді қызметкер туралы басқа мәліметтермен салыстыру.

Ескерту. 2-тарау 13-31-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-32. Басшылардың, әріптестердің пікірлерін жинақтау әдістері қызметкердің жеке басын неғұрлым толық және жан-жақты зерделеу үшін қолданылады. Бұл ретте бұрынғы қызмет (жұмыс) орнынан аттестаттациялардағы, мінездемелердегі деректер ескеріледі. Жалпылау әдісімен алынған нәтижелерді алдыңғы әдістермен алынған мәліметтермен салыстыру қажет.

Ескерту. 2-тарау 13-32-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-33. ЖТЖ-да келесі формалар қолданылады:

1) жеке іс материалдарын, басқа да сипаттайтын құжаттарды зерделеу – қызметкер туралы бастапқы ақпаратты алу және ЖТЖ журналын толтыру мақсатында жүргізіледі;

2) қызметкердің қызметі мен мінез-құлқын психологиялық-педагогикалық бақылау – бір уақытта қызметкердің мотивтерін, сезімдері мен ниеттерін анықтай отырып, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы фактілерді жинақтау және жалпылау мақсатында пайдаланылады;

3) жеке әңгімелесу – қызметкердің бойында белгілі бір жағымды қасиеттерді дамытуға немесе өндіруге бағытталған сенімді, серіктестік сипаттағы қарым-қатынасты көздейтін ең көп таралған түрі, оның барысында қызметкерге АҚО қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің негізгі талаптары, қызметтік тәртіп пен заңдылықты, мінез-құлықтың әдептілік нормаларын сақтау, кәсіби және мәдени деңгейін арттыру қажеттілігі түсіндіріледі. Жеке әңгіменің нәтижелері оның қысқаша мазмұнымен ЖТЖ журналына енгізіледі, олармен қызметкер қол қойып танысады.

4) жеке көмек – қызметтік іс-әрекеттің, жеке өмірдің түрлі мәселелерін шешу, нормативтік құқықтық актілер мен лауазымдық міндеттерді зерделеу, кәсіби шеберлік дағдыларын меңгеру кезінде қолданылады. Жеке көмек түсініктемелер, кеңестер, қосымша сабақтар өткізу, жекелеген тапсырмаларды бірлесіп орындау түрінде көрсетіледі;

5) жеке тапсырмалар – басшы көрсеткен сенім үшін жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында қызметтік және қоғамдық тапсырмаларды қоюды қамтиды;

6) жеке бақылау – қызметкердің қызмет атқаруын, тапсырмаларды орындауын, материалдарды дайындау сапасын тексеру, кәсіби құзыреттілігін, бәсекеге

кабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерін айқындауын басшының жеке тексеруі түрінде жүргізіледі;

7) қызметкерлердің есептері мен хабарламаларын тыңдау – бөлімшенің (қызметтің) жеке құрамының кеңестерінде жүргізіледі;

8) тұрғылықты жері бойынша қызметкерлерге бару – оның тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын, отбасындағы моральдық-психологиялық ахуалды, қарым-қатынас шеңберін, бос уақытын, олардың тәртіп жағдайына, қызметке қатынасына әсерін зерделеу кезінде қолданылады;

9) моральдық, материалдық ынталандыру және тәртіптік ықпал ету әдістері – қызметкердің қызметтік іс-әрекетін бағалау, тәртіп пен заңдылықты сақтау, мінез-құлықтың кәсіби және жалпыадамзаттық нормаларын бағалау ретінде қолданылады.

Ескерту. 2-тарау 13-33-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-34. Басшылар ЖТЖ-ны тоқсан сайын ЖТЖ журналдарының арнайы бөлімдерінде жоспарлайды.

Ескерту. 2-тарау 13-34-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-35. ЖТЖ жоспарларында мынадай іс-шаралар көрсетіледі:

1) оларға тәрбиелік ықпал ету нысандары мен әдістерін айқындау мақсатында бағыныштылардың жеке ерекшеліктерін зерделеу;

2) қарамағындағылардың кәсіптік шеберлігін, білім беру және мәдени деңгейін, олардың әлеуметтік-құқықтық және дене шынықтыру даярлығын арттыру;

3) тәртіпті нығайту, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, жағымсыз қарым-қатынас ортасынан қорғау;

4) мамандармен (психологтармен, педагогтармен, заңгерлермен) консультациялар;

5) функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті негізгі құқықтар мен міндеттерді, нормативтік құқықтық актілерді және қызметтік құжаттарды зерделеуге көмек көрсету;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын, әдеп кодексінің нормаларының жеткізу;

7) қарамағындағылардың бос уақытын ұйымдастыру, ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға тарту;

8) жеке тапсырмалар.

Ескерту. 2-тарау 13-35-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-36. ЖТЖ жоспарын жасау алдында ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды, тәртіп пен заңдылықтың жай-күйін, этикалық нормалардың сақталуын, өткен кезеңдегі қызмет пен тәрбие жұмысының нәтижелеріне жан-жақты талдау жүргізіледі.

Ескерту. 2-тарау 13-36-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-37. ЖТЖ нәтижелері осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЖТЖ журналында көрсетіледі, оны әрбір басшы лауазымда болған бүкіл кезең ішінде жеке өзі жүргізеді.

Ескерту. 2-тарау 13-37-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-38. ЖТЖ жүргізуді, оның ішінде азаматтық қорғау органын (бөлімшесін) инспекциялау кезінде бағалаудың объективтілігі үшін, ЖТЖ аяқталғаннан кейін журнал осы бөліністе сақталады.

Ескерту. 2-тарау 13-38-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-39. Кадр және тәрбие жұмысы бөлімшелері жеке құраммен ЖТЖ жағдайын үнемі талдайды, құрылымдық бөліністер басшыларын осы жұмыстың теориясы мен практикасына үйретеді, озық тәжірибені жинақтайды және таратады, ЖТЖ ұйымдастыру жөніндегі талаптарын әр бастықтың сапалы орындауына қол жеткізеді.

Ескерту. 2-тарау 13-39-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-40. Басшыларды ЖТЖ ұйымдастыру әдістеріне оқыту біліктілікті арттыру курстарында, оқу-әдістемелік жиындарда, сондай-ақ кәсіптік даярлау жүйесінде жүргізіледі. Дәрістермен қатар бағдарламаға тәжірибелік сабақтар, іскерлік ойындар, тәжірибе алмасу бойынша семинарлар енгізіледі.

Ескерту. 2-тарау 13-40-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-41. Аумақтық органдарда, мемлекеттік мекемелерде, білім беру ұйымында және азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың құралдары ретінде құрылымдар құрылады.

Ескерту. 2-тарау 13-41-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-42. АҚО-да құрылымдарға келесілер жатады:

- 1) офицерлер жиналысы;
- 2) қатардағы және кіші басшы құрам жиналысы;
- 3) әйелдер кеңесі.

Ескерту. 2-тарау 13-42-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-43. Құрылымдардың қызметі келесі қағидалармен жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) жариялық мен ашықтық;
- 3) этика нормаларын сақтай отырып, демократия және әртүрлі пікірлер;
- 4) ізгі ниет;

5) қатардағы және басшы құрамдағы адамдар арасындағы қатынастардағы өзара сыйластық.

Ескерту. 2-тарау 13-43-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-44. Құрылымдар келесі функцияларды орындайды:

- 1) АҚО-да құқықтық тәртіп пен мәдениетті нығайту бойынша басшыларға көмек көрсету;
- 2) қызметкерлер арасында тәрбие жұмысын жүргізуге қатысу;
- 3) құрылымдар мүшелерімен жеке жұмыс жүргізу, қызметтік қызметтің және тұрмыстық қатынастардың түрлі мәселелері бойынша қызметкерлерді тыңдау;
- 4) АҚО бөлімшелерінің қызметтік қызметінде практикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету, құқық қолдану практикасының неғұрлым өзекті мәселелері бойынша дәрістер, әңгімелер, сабақтар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- 5) қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу;
- 6) АҚО басшылығына қызметкерлерге көтермелеу шараларын қолдану туралы өтінішхат енгізу;
- 7) өз бастамасы бойынша қызметкерлер арасындағы жанжалды жағдайларды, қызметтік жағдайды теріс пайдалану, қызметтік міндеттерге немқұрайлы қарау, тәртіпті бұзу, қызметте және тұрмыста, қоғамдық орындарда лайықсыз мінез-құлық және т. б. фактілерді қарау;
- 8) АҚО қызметін регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және басшылыққа енгізу;
- 9) АҚО басшылығына өмірлік қиын жағдайларға тап болған қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне (аурулары, қызметтік борышын атқару кезінде мертігу, жарақат алу) материалдық көмек көрсетуге қызметкерлерді жұмылдыруға өтініштер жолдауда жәрдем көрсету;

10) қызметкерлерді құрметтеу, жаңа қызмет орнына (жоғары тұрған лауазымға тағайындалған жағдайда), сондай-ақ еңбек сіңірген жылдары үшін демалысқа салтанатты түрде шығарып салу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

11) жиналыстарда құрылымдардың атына келіп түсетін хаттарды, өтініштерді, ұсыныстарды қарау, қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдауды жүзеге асыру;

12) құрылымдар жиналыстарының шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

Ескерту. 2-тарау 13-44-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-45. Құрылымдар төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және оның мүшелерінен тұрады. Құрылымдар мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы тиіс.

Ескерту. 2-тарау 13-45-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-46. Кадр және тәрбие жұмысына жетекшілік ететін бастықтың орынбасары құрылымның төрағасы болып табылады.

Әйелдер кеңесі төрағасының орынбасары тікелей әйелдер кеңесінің отырысында оның құрамынан дауыс беру арқылы сайланады.

Ескерту. 2-тарау 13-46-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-47. Құрылымның мүшелерінің қатарына кемінде үш жыл қызметте болған, жоғары моральдық және кәсіби қасиеттерге ие, оң жағынан сипатталатын қызметкер, сондай-ақ қызметкерлердің отбасы мүшелері, АҚО зейнеткерлері және ардагерлер қосылады.

Ескерту. 2-тарау 13-47-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-48. Құрылымдар оның мүшелері болып табылатынына қарамастан, қызметкерлерді, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мүдделі ұйымдардың өкілдерін, сарапшыларды, мамандарды, ғалымдарды, мүдделі тұлғаларды отырысқа шақырады, сондай-ақ олар қарастырылып отырған мәселелерді талқылауға қатысады және өз ұсыныстарын енгізеді.

Ескерту. 2-тарау 13-48-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-49. Құрылымдардың жиналыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі (кезектен тыс жиналыстар өткізілуі мүмкін) және егер оларға мүшелердің жартысынан көбі қатысса, заңды болып саналады.

Ескерту. 2-тарау 13-49-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-50. Құрылымдардың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған хатшы мен төрағалық етуші қол қояды.

Құрылымдар келесі шешімдерді (ықпал ету шаралары) қабылдайды:

- 1) айыптау немесе сын;
- 2) ескерту;
- 3) басшылыққа тәртіптік сипаттағы шараларды қолдану туралы өтінішхат білдіру;
- 4) отырыс алдында қандай да бір теріс қылық жасаған қызметкердің жария түрде кешірім жасауы;

5) қызметкерге сенімсіздік білдіру;

6) отбасы мүшелерімен және көршілерімен міндетті түрде әңгімелесу жүргізе отырып, тұрғылықты жері бойынша бару (отбасы-тұрмыстық салада теріс қылықтар жасалған жағдайларда).

Ескерту. 2-тарау 13-50-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-51. Құрылымдардың мүшелері отырыстарға жеке қатысады.

Ескерту. 2-тарау 13-51-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-52. Құрылымдардың шешімдері жиналысқа қатысып отырған мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен ашық немесе көпшіліктің талабы бойынша жабық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға қатысып отырған мүшелердің жартысынан астамы дауыс берсе, заңды деп есептеледі.

Ескерту. 2-тарау 13-52-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-53. Дауыстар тең болған кезде шешуші дауыс беру құқығына төраға, ал ол болмаған жағдайда – отырыста төрағалық ететін төрағаның орынбасары ие болады.

Ескерту. 2-тарау 13-53-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-54. Құрылым төрағасының шешімі бойынша жиналыста талқыланатын мәселелер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылықтың назарына жеткізілуіне жол беріледі.

Ескерту. 2-тарау 13-54-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Азаматтық қорғау органдарында жеке құраммен психологиялық жұмысты ұйымдастыру

1-параграф. Азаматтық қорғау органдарында психологиялық жұмысты ұйымдастыру негіздері

14. Психологиялық жұмысты психологтар АҚО жеке құрамын сүйемелдеу мен психологиялық ағартуды ұйымдастыру шеңберінде жүргізеді.

15. Психологтың қызметі заңдылық, гуманизм, адам құқықтарын сақтау, оның жеке басын құрметтеу, кәсібилік және өз жұмысының нәтижелері үшін Заңның 19 бабымен қарастырылған жауапкершілік, сондай-ақ психологтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауда кәсіби тәуелсіздік пен ақылға қонымды тәуелсіздік қағидаттарына негізделген.

16. Жеке құраммен психологиялық жұмыс:

- 1) жеке құрамның жеке-психологиялық ерекшеліктерін зерделеу және психологиялық көмекті ұйымдастыру;
- 2) АҚО ұжымдарында салауатты моральдық психологиялық ахуалды қалыптастыру және олардың дамуын болжау;
- 3) психологиялық орнықтылықты және жеке құрамның қысылтаяң жағдайларда міндеттерді орындауға дайындығын қалыптастыру.

17. Психологиялық жұмыс төрт негізгі бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) психодиагностикалық жұмыс (кандидаттарды кәсіби іріктеу жөніндегі іс-шараларға, психологиялық мониторингтерге, аттестаттау іс-шараларына қатысу);
- 2) психологиялық ағарту (психологиялық даярлық бағдарламаларын әзірлеу, жеке құрам үшін дәрістер, оқу-әдістемелік семинарлар өткізу);
- 3) психокоррекциялық жұмыс (психологиялық түзету, кеңес беру, психологиялық оңалту іс-шараларын құрайтын тренингтік сабақтар);
- 4) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл іс-шараларды психологиялық сүйемелдеу (жеке құрамға ТЖ аймағында психологиялық қолдау және шұғыл психологиялық көмек көрсету, "жедел желі" телефонының жұмысын ұйымдастыру).

18. АҚО психологиялық жұмыстың негізгі міндеттері:

- 1) қызметкерлердің жеке ерекшеліктерін және ұжымдардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын зерделеу;

2) қызмет бабында ауыстыру кезінде, сондай-ақ аттестаттауды өткізу және кадр резервін қалыптастыру кезінде қызметкерлердің моральдық-іскерлік қасиеттерін зерделеу;

3) ұжымдардағы әлеуметтік психологиялық процестердің, жеке құрамның мінез-құлқының дамуын болжау және тиімді кадрлық менеджментке ықпал ететін ұсыныстар әзірлеу;

4) лауазымдық тұлғалардың басқарушылық қызметін зерделеу және жақсарту, дара басшылық пен басшылық құрамның беделін нығайту;

5) жедел қызметтік іс-әрекеттің, психологиялық-педагогикалық процестердің тиімділігін төмендететін әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтау және талдау мен олардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады;

6) жеке құрам арасында жанжалды жағдайлардың психологиялық профилактикасын жүзеге асыру;

7) жеке құрамды психологиялық ағарту;

8) жеке құрамды қызметтік міндеттерді орындауға психологиялық даярлау;

9) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және ТЖ-ны жою кезінде жеке құрамды психологиялық сүйемелдеу;

10) жеке құрамға психологиялық көмек көрсету, әдістермен түзету және психологиялық оңалту жүргізу;

11) девиантты мінез-құлықтың әртүрлі нысандарына бейім, жүйке-психикалық тұрақсыздығы төмен белгілері бар адамдарды кейіннен оларды "байқау тобына" немесе "тәуекел тобына" енгізе отырып, осы санатпен психологиялық жұмысты одан әрі ұйымдастыра отырып анықтау;

12) суицидтік әрекеттерінің психологиялық профилактикасы;

13) жеке құрамға және олардың отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету және консультация беру.

2-параграф. Жеке құрамның жеке ерекшеліктерінің (жеке қасиеттерінің) психикалық диагностикасы

19. Психологиялық диагностиканы азаматтық қорғау органдарының психологтары жеке (бір қызметкермен) және топтық (екі және одан да көп қызметкермен) психологиялық іс-шаралар нысанында жүргізеді.

20. Жеке құрамның жеке ерекшеліктерін зерттеу кезінде келесі әдістер қолданылады: құжаттар мен өмірбаяндық деректерді талдау, жеке әңгіме, сауалнама, психологиялық тестілеу, бақылау және сауалнама.

21. Психологиялық диагностиканың іс-шаралары:

1) жеке құраммен - жылына екі рет;

2) қызмет бойынша ауысқан кезде, сондай-ақ аттестаттау жүргізу және кадр резервін қалыптастыру кезінде қызметкерлердің жеке ерекшеліктерін зерделеу кезінде;

3) ТЖ аймағынан (табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы) оралғандарға – келгеннен кейін 15 жұмыс күні ішінде;

4) "бақылау тобындағы" және "тәуекел тобындағы" жеке құраммен бірге - әрбір 6 ай сайын жүргізіледі.

22. Психологиялық диагностика (тексеру) үш кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең – психологиялық әдістемелерді пайдалана отырып, тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы формальды (стандартталған) деректер алу мақсатында психологиялық тексеру. Тест бланкілерін өңдеумен және әрбір зерттелетін адам бойынша бастапқы материалдар пакетін қалыптастырумен аяқталады;

2) екінші кезең – психологиялық тесттерде төменгі шекті мән алған қызметкерлерге қатысты өткізіледі. Бұл жағдайда психолог нақтыланған және егжей-тегжейлі психологиялық сипаттамаларды алу үшін жеке психологиялық тексеру мен әңгімелесу жүргізеді;

3) үшінші кезең қосымша әдістемелер қолданыла отырып, бейімделудің бұзылу белгілері немесе психологиялық ауытқулар болған кезде жүргізіледі.

23. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес психологиялық қорытындыны психологиялық диагностика жүргізілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн ішінде АҚО штаттық психологы шығарады.

24. Психологиялық қорытындыда:

1) анықталған жеке психологиялық ерекшеліктер (психологиялық портрет);

2) қызметке жарамдылығы туралы ұсынымдар;

3) жеке психологиялық ерекшеліктер бойынша ұсыныстар (іс-шаралар) туралы ақпараттар бар.

25. "Бақылау тобына" немесе "тәуекел тобына" енгізілген немесе оған жататын қызметкерлердің жеке психологиялық ерекшеліктері бойынша ұсыныстар лауазымды адамға қызметтік қызмет барысында қажетті психологиялық көмек көрсету және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар үшін жіберіледі.

26. Психологиялық қорытындыда қызметке жарамдылығы туралы мынадай ұсынымдардың бірі шығарылады:

1) "болжам қолайлы";

2) "болжам қолайсыз".

27. Психологиялық диагностика аяқталғаннан кейін психолог осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкердің жеке карточкасына және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша психодиагностикалық жұмыстарды есепке алу журналына мәліметтер енгізеді.

28. Психологиялық диагностиканың нәтижелері бойынша терең психологиялық зерттеуге жататын адамдар анықталады. Суицид қаупінің жоғары деңгейі бар, жүйке-психикалық тұрақсыздық, бейімделудің бұзылуы және депрессия белгілері бар, жағымсыз өмірлік уақиғаларды, отбасылық тұрмыстық және қаржылық қиындықтарды,

психофизиологиялық, жеке және басқа да проблемаларды бастан кешіретін қызметкерлерді психолог "бақылау тобына" немесе тәуекел тобына (психикалық ауытқудың тұқым қуалайтын факторы) есепке алып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша динамикалық бақылау журналына енгізеді.

29. Қызметкер бөлімшенің бірінші басшысының атына психологтың қызметтік жазбасының негізінде "байқау тобына" немесе "тәуекел тобына" енгізіледі (алып тасталады), ол "ҚБПУ" литерімен ресімделеді және психологтың сейфінде сақталады.

30 Қызметкерді "бақылау тобына" немесе "тәуекел тобына" енгізілген басқа бөлімшеге ауыстырған кезде жеке карточка фельдъегерлік қызмет орын ауыстырған жерге жіберіледі және психологтың қолына жеке белгісі бар "ҚБПУ" литерімен ресімделеді. Жеке карточкада қызметкердің "бақылау тобында" немесе "тәуекел тобында" болуының психологиялық сипаттамасы мен себептері бар.

31. Психологиялық қызмет мамандары жүргізген диагностикалық және профилактикалық әңгімелесулер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жеке жұмыс нысандары (консультациялар) журналында есепке алынады.

3-параграф. Азаматтық қорғау органдары бөлімшелеріндегі моральдық-психологиялық ахуалды зерделеу

32. Бөлімшелердегі топтық процестерді зерделеуді күнделікті қызмет процесінде бөлімшелер басшыларымен және олардың орынбасарларымен бірлесіп, психологиялық қызмет мамандары ұйымдастырады және жүргізеді.

33. Азаматтық қорғау органдарының бөлімшелерінде моральдық-психологиялық климаттың жай-күйіне жыл сайынғы социологиялық мониторинг жүргізу "Азаматтық қорғау органдарының бөлімшелерінде моральдық-психологиялық климаттың жай-күйіне жыл сайынғы социологиялық мониторинг жүргізу қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 498 бұйрығына сәйкес жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24665 болып тіркелген).

Параграф 4. Жеке құрамды кез-келген экстремалды жағдайда мақсаты бойынша тапсырмаларды орындауға психологиялық қолдау

34. Жеке құрамды қысылтаяң жағдайларда міндеттерді орындауға психологиялық сүйемелдеуді (бұдан әрі - психологиялық сүйемелдеу) психологиялық қызметтің мамандары бөлімшелердің лауазымды адамдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүргізеді.

35. Психологиялық қолдау психологиялық диагностиканы, психологиялық дайындықты, психологиялық көмекті, психологиялық оңалтуды қамтиды.

36. Психологиялық сүйемелдеу мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) жеке құрамның авариялық-құтқару жұмыстарын дайындау мен жүргізудің сипаты туралы ұсынымдарын қалыптастыру;

2) жеке құрамның ТЖ аймағындағы жағдайға тез бейімделуі;

3) жеке құрамның қысылтаяң жағдайларда жұмыс істеу үшін психологиялық орнықтылығын қалыптастыру;

4) авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізудің жаңа құралдары мен әдістеріне қатысты психологиялық бейімделуді қалыптастыру;

5) құтқарушыларда кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру және дамыту;

6) қысылтаяң жағдайларда жұмыс істеу кезінде құтқарушыларға психологиялық қолдау көрсету;

7) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде және олар аяқталғаннан кейін бұзылған психологиялық функцияларды қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

37. Психологиялық көмек мыналарды қамтиды:

1) психологиялық диагностика - бұл жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін және топтардағы (ұжымдар, бейресми бірлестіктер) әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды мақсатты зерттеу;

2) психологиялық кеңес беру - психологиялық мәселелерді өз бетінше шешу үшін психологиялық қиындықтарды, бейімделмеген мінез-құлық әдістерін түсіндіруге бағытталған психологиялық қызмет мамандарының қызметі. Жеке және топтық психотерапия әдістерін қолдана отырып, жеке және топтық әдіспен жүзеге асырылады;

3) психокоррекциялық жұмыс белгілі бір критерийлер бойынша қызметтік қызметтің нақты жағдайларында қабылданған модельге сәйкес келмейтін психикалық даму ерекшеліктерін түзетуге бағытталған.

4) тренингтік жұмыс - экстремалды ортаның әртүрлі жағдайларында тұлғаның үйлесімді және тұрақты жұмыс істеуіне ықпал ететін практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған қызмет. Сабақтар (тренингтер) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстардың (тренингтер) топтық нысандарының журналына енгізіледі.

38. Психологиялық көмекті психологиялық қызмет мамандары жеке құрамды қабылдау кезінде көрсетеді. Қабылдау психологиялық түсіру бөлмесінің жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады, оны басшы бекітеді және бөлімшенің жеке құрамына жеткізеді.

5-параграф. Профилактикалық жұмыс

39. Жалпы бағыттағы профилактикалық іс-шаралары:

1) психодиагностикалық іс-шаралар барысында жеке құрам қатарынан суицидтік мінез-құлық қаупі бар адамдарды анықтауды;

2) АҚО жүйесінде жас қызметкерлерді бейімдеу процесін оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуді;

3) жеке құрамның қызметтік әрекетінде стресстік жағдайларға және жарақаттан кейінгі бұзылуларға психологиялық орнықтылықты қалыптастыруға бағытталған сабақтарды (тренингтерді) ұйымдастыруды;

4) жеке құрам арасында артық жұмыс істеудің және психоэмоционалдық күш түсірудің алдын алу үшін қызметкерлердің қызмет уақыты мен тынығу уақытының оңтайлы режимін қамтамасыз етуді;

5) қызметтік - әскери тәртіпті бұзуға бейім, ұжымда және отбасында өзара қарым-қатынасы қайшы келетін қызметкерлермен профилактикалық жұмыс жүргізуді;

6) қызметтік әрекеттің қысылтаяң жағдайларының жеке құрамның денсаулық жағдайына қолайсыз әсер етуінің салдарларын азайтуға бағытталған оңалту іс-шараларын ұйымдастыруды;

7) моральдық-психологиялық ахуалды оңтайландыру, қызметтік ұжымдарда достық, серіктестік, өзара көмек, әрбір қызметкердің жеке қадір-қасиетін құрметтеу атмосферасын қолдауды;

8) бөлімшелер ұжымдарындағы жанжалдарды уақтылы алдын алу және оларды шешуді;

9) отбасы институтын нығайтуды, отбасы қатынастарының рухани-адамгершілік дәстүрлерін дамытуды, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне консультациялық көмек және психологиялық қолдау көрсетуді;

10) суицидтік оқиғалардың профилактикасы мүддесінде дәстүрлі діни конфессиялардың, қоғамдық бірлестіктердің рухани-адамгершілік әлеуетін пайдалануды;

11) жеке құрамның құқықтық хабардарлығын, қаржылық сауаттылығын арттыру, психологиялық денсаулығын нығайтуды қамтиды.

6-параграф. Суицидтік оқиғалардың профилактикасы бойынша психологиялық жұмыс

40. Суицидтік оқиғалардың профилактикасы АҚО жеке құрамы арасындағы суицидтік оқиғаларды болдырмау, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында психологтардың кадр бөлімшелерімен және жеке құрам жөніндегі инспекциямен бірлесіп жүргізетін ұйымдастырушылық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралар кешенін білдіреді. Психологтар жүргізген жұмыс аясында мынадай функциялар орындалады:

1) психологиялық қызмет мамандары жүргізетін психологиялық диагностиканың нәтижелері бойынша суицидтік мінез-құлық қаупі бар қызметкерлерді анықтау және олармен кейін психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізу;

2) бөлімше басшыларын қызметкерлердің әлеуметтік-психологиялық бейімсіздік, суицидтік мінез-құлық белгілерін анықтау тәсілдеріне, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу әдістемесіне оқыту;

3) қызметтік міндеттерді орындау кезінде және күнделікті тыныс-тіршілікте қызметкерлердің психологиялық жай-күйіне мониторингті (жылына кемінде 2 рет) жүзеге асырады;

4) дағдарыс жағдайы, суицидтік мінез-құлық белгілері анықталған қызметкерлермен жеке тәрбие және профилактикалық жұмыс жүргізу, оларға психологиялық қолдау және көмек көрсету;

5) суицидтік мінез-құлық белгілері бар дағдарыс жағдайындағы қызметкерлердің отбасы мүшелерімен жұмыс жүргізу (кадр бөлімшелерімен бірлесіп және қызметкер немесе оның отбасы мүшелері тарапынан сұрау салу болған кезде жүргізіледі) және оларға консультациялық көмек, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету.

41. Психологтар бөлімшенің бірінші басшысын, кадр бөлімшелерінің бастықтарын " бақылау тобына" немесе "тәуекел тобына" енгізе отырып, суицидтік тәуекел белгілері бар қызметкерлер туралы хабардар етеді.

42. Суицидтік әрекеттерін жасаған (аяқталмаған факт) қызметкерлер кадр бөлімшелерімен одан әрі қызметке жарамдылығын анықтау үшін "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып тіркелген) сәйкес әскери-дәрігерлік комиссияға жіберіледі.

7-параграф. Жеке құрамды психологиялық ағарту

43. Психологиялық ағартуды психологиялық қызмет мамандары кәсіби қызметтік даярлық шеңберінде ұйымдастырады.

44. Психологиялық ақпарат ауызша (дәрістер, баяндамалар, оқиғаларға қатысушылар мен куәгерлердің сөйлеген сөздері), баспа түрінде (жадынамалар, парақшалар), кинофильмдерді қарау және талқылау арқылы жеткізіледі.

45. Психологиялық ағартудың негізгі міндеттері:

1) АҚО-да психологиялық жұмыстың мәні мен мазмұнын түсіндіру;

2) жеке құрамды адамның, топтың, ұжымның психикалық даму заңдылықтарымен таныстыру;

3) адамның психикалық денсаулығы идеяларын, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін танымал ету;

4) жеке құрамның психикалық денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шаралар туралы хабардар ету;

5) психологиялық білімге деген қызығушылықты және оларды кәсіби қызметте және жеке өмірде конструктивті пайдалануға ұмтылысты дарыту болып табылады.

4 -тарау. Азаматтық қорғау органдарында идеологиялық жұмысты ұйымдастыру

46. Идеологиялық жұмыс АҚО жеке құрамының бойында патриоттық сананы, Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілікті, антқа адалдықты, Қазақстан Республикасының конституциялық қағидаттары мен ұлттық мүдделеріне адалдықты, таңдаған кәсібі үшін мақтаныш сезімін, деструктивті идеологияға қарсы тұруды, Заңның 16-бабымен, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабымен қарастырылған міндеттерін мінсіз орындауды қалыптастыруға бағытталған.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Идеологиялық жұмыстың негізгі міндеттері:

1) жеке құрамды мәдени құндылықтар жүйесін, Қазақстан халқының тарихы мен дәстүрлерін, АҚО-ға баулу, болашағы біртұтас ұлт ретінде мейірімділікті, өзара көмек көрсетуді, өзара қолдауды, толеранттылық пен достықта көрініс табатын гуманистік моральдың жалпыадамзаттық нормаларын қалыптастыру;

2) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АҚО қызметі туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру, АҚО қызметкері кәсібінің беделі мен мәртебесін арттыру;

3) АҚО қызметкерлерінің бойында қызметтің адамгершілік негіздерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық туралы ұғымды қалыптастыру және дамыту, қызметте және тұрмыста мінез-құлыққа, қызметтік (еңбек, әскери) ұжымдағы өзара қарым-қатынасқа қойылатын кәсіби-этикалық талаптарды білу;

4) ТЖ алдын алу және жою мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

5) қызметтік борышын орындауға дайын болу және АҚО қызметкерінің ерекше белгілерін көрсету болып табылады.

6) АҚО-да жеке құраммен тәрбиелік, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу, мемлекеттік саясатты, қорғаныс қабілетін нығайту, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету бойынша ел басшылығы қабылдап жатқан шараларды түсіндіру;

7) қызметкерлердің моральдық-психологиялық тұрақтылығын және экстремалды жағдайларда әрекет етуге дайындығын, олардың деструктивті діни ағымдардың идеологиясына төзбеушілігін қалыптастыру.

Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Идеологиялық жұмыс:

1) жеке құрамның идеялық, адамгершілік, қасиеттерін, осы Ережелердің 8 тармағындағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарда қарастырылған міндеттерге қол жеткізу;

2) жеке құрамда қылмыстық әлем идеологиясының, деструктивті идеологияның, сондай-ақ діни және өзге де экстремизмнің сыртқы әсеріне орнықты иммунитетті қалыптастыру;

3) жағымсыз ақпаратты теріске шығару, экстремизм идеологиясының, жөнсіздік пен зорлық-зомбылықтың дұшпандығы мен залалын көрсету болып табылады.

48-1. Деструктивті идеялардың АҚО-ға енуіне жол бермеу саласындағы идеологиялық жұмыс мынадай тәртіппен ұйымдастырылады және жүргізіледі:

1) діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы идеологиялық жұмысты жоспарлау;

2) қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін моральдық және материалдық қолдау, АҚО-ның беделін арттыру, Отан қорғаушыларына деген құрмет атмосферасын қалыптастыру бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу;

3) АҚО ұжымдарына діни идеялардың ену әрекеттері фактілері бойынша қызметкерлердің өтініштерін іске асыру бойынша жедел шаралар қабылдау және қабылданған шешімдер туралы жеке құрамды хабардар ету;

4) жеке құрамды теріс ақпараттық әсерден қорғау жөнінде шаралар қабылдау.

Ескерту. Қағидалар 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен
тәрбие, психологиялық және
идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
I-қосымша
Жетекшілік ететін
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
вице-министрінің
20__ жылғы "___" _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастырудың _____ жылға арналған жоспары

№	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
---	---------------	----------------	------------	----------------

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен
тәрбие, психологиялық және

идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен
тәрбие, психологиялық және
идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
3-қосымша

1-кесте. Азаматтық қорғау органдары жеке құрамының құқықтық дайындығы бойынша есеп

№	Азаматтық қорғау органының (бұдан әрі - АҚО) бөлімше атауы	Жеке құраммен жүргізілген құқықтық дайындық саны	Іс-шараларды өткізу күні	Құқықтық дайындық тақырыбы	Құқықтық даярлауға қатысқан жеке құрамның саны
---	--	--	--------------------------	----------------------------	--

2-кесте. Азаматтық қорғау органдары жеке құрамымен тақырыптық жиналыстар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру бойынша есеп

№	АҚО бөлімше атауы	Іс-шараның атауы (тақырыптық жиналыстар, дөңгелек үстелдер)	Іс-шараларды өткізу күні	Іс-шара тақырыбы	Іс-шараға шақырылған ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар (АҚО, соғыс, еңбек ардагерлері, мемлекеттік қоғам қайраткерлерінің) өкілдерінің ТАӘ (ол болған жағдайда)	Іс-шараға қатысқан жеке құрамның саны
---	-------------------	---	--------------------------	------------------	--	---------------------------------------

3-кесте. Азаматтық қорғау органдары жеке құрамымен тәрбие және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру бойынша есептер

	Жеке құраммен қызметтік, әскери	АҚО қызметі туралы шығарылған аудио және	Тарихи, киелі орындар мен әскери даңқ орындарына
--	---------------------------------	--	--

№	АҚО бөлімше атауы	тәртіпті сақтау тұрғысынан жүргізілген жеке-тәрбие жұмыстарының және басқаларының саны	бейнематериалдар, акпараттық-анықтамалық материалдар, жаднамалар		ұйымдастырылған экскурсиялар, жорықтар	
			Саны	Тақырыптар атауы	Іс-шараға қатысқан жеке құрамның саны	Экскурсия атауы

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларына 3-1-қосымша

Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырлды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 22.12.2023 № 697 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Жеке-тәрбие жұмысы журналы _____
лауазымы, атағы _____ **тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)** _____ **бөлімше Жеке құрам тізімі** _____ (**бөлімшенің атауы**)

№	Атағы, лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)	Туған күні	Ұлты	Білімі	Отбасы жағдайы	Әскердегі қызмет	АҚО-дағы қызмет	Мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бағынысты қызметкер туралы деректер

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) _____

Туған күні _____

Туған жері _____

Ұлты _____

Білімі (қашан, қайда оқыды, мамандығы, кәсібі, оқудағы жетістігі) _____

Атағы _____

(қашан берілді, бұйрық) _____

Лауазымы _____

Қарулы Күштердегі қызметі (қашан, қайда, қандай лауазымда және атақта қызмет етті).

Жауынгерлік операцияларға қатысуы. Наградалары және әскери айбын белгілері _____

АҚО қызметіне келу күні _____

Қандай марапаттары бар және не үшін _____

Қандай жазалары бар және не үшін _____

Алғашқы кәсіптік даярлықты өту _____

(қашан, қайда)

Қызметкерді психологиялық зерттеу нәтижелері _____

(округтік әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы бойынша)

АҚО-ға қызметке келгенге дейін қай жерде жұмыс істеді _____

Тұратын жері (мекенжайы, үй телефоны, ұялы телефоны) _____

Тұрғын үй тұрмыстық жағдайы _____

Отбасы жағдайы _____

Жақын туыстары (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні, мекенжайы, жұмыс, оқу орны):

Жұбайы (зайыбы) _____

Балалары _____

Әкесі _____

Анасы _____

Жұмыс және тұрғылықты жері бойынша жақын достары _____

Жеке автокөліктің болуы (маркасы, мемлекеттік нөмірі) _____

Ипотекалық қарыздың, кредиттің болуы (банк, ұйым) _____

" Келісілді " Бастықтың орынбасары _____ _____ " _____ " 20 _____ жыл	"Бекітемін" Бастық _____ _____ " _____ " 20 _____ жыл
---	---

Бірінші жартыжылдыққа арналған жеке-тәрбие жұмысы Ж О С П А Р Ы

№	Атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы	Өткізу күні	ЖТЖ түрі	ЖТЖ себебі, мақсаты	Орындалуы туралы белгі
---	---	-------------	----------	---------------------	------------------------

" Келісіді "	"Бекітемін"
Бастықтың орынбасары	Бастық
_____	_____
_____	_____
_____	_____
" ____ " _____ 20__ жыл	" ____ " _____ 20__ жыл

Екінші жартыжылдыққа арналған жеке-тәрбие жұмысы Ж О С П А Р Ы

№	Атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы	Өткізу күні	ЖТЖ түрі	ЖТЖ себебі, мақсаты	Орындалуы туралы белгі
---	---	-------------	----------	---------------------	------------------------

" Келісіді "	"Бекітемін"
Бастықтың орынбасары	Бастық
_____	_____
_____	_____
_____	_____
" ____ " _____ 20__ жыл	" ____ " _____ 20__ жыл

Мінездеме (ЖТЖ өткізген қызметкерге)

Жеке-тәрбие жұмысын есепке алу

№	Атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы	Өткізу күні	ЖТЖ-ның түрі	Ж Т Ж өткізудің себебі, мақсаты (Ж Т Ж жоспары, қандай да бір факт немесе теріс іс-әрекет және т.б. бойынша	Қысқа мазмұндама, ЖТЖ-ның нәтижелері	Қорытындысы, ескертулер, қабылданған шаралар
---	---	-------------	--------------	---	--------------------------------------	--

Жеке әңгімелесу парағы

Әңгімелесу сұрақтары:

Әңгімелесу бойынша қорытындылар:

Әңгімелесуді өткізген:

Әңгімелесудің қорытындыларымен танысты:

ЖТЖ журналын тексерген адамдардың жазуы

№	Атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымы	Ескертулер, ұсыныстар	Тексеру күні	Қолы
---	---	-----------------------	--------------	------

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларына 4-қосымша

Психологиялық қорытынды

1. Тегі:
2. Аты:
3. Әкесінің аты (ол болған жағдайда):
4. Тестілеу кезіндегі жасы:
5. Жүргізу үшін негіз:
6. Психодиагностикалық тексеру келесі әдістерді қолдана отырып жүргізілді:
7. Нәтижелер (портрет):
8. Ұсынымдар:
9. Ұсыныстар:

Психолог _____ Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Таныстым _____

Бұл ақпарат құпия болып табылады, жария етуге жатпайды. Тек қызметтік мақсатта пайдаланыңыз.

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамымен тәрбие, психологиялық және

ФОТО ҮШІН
ОРЫН

Қызметкердің №–
жеке карточкасы

Тегі: _____

Аты: _____

Әкесінің аты (ол болған жағдайда): _____

Туған күні: _____

Қосымша ақпарат (психологиялық сипаттама) _____

Психологтың психологиялық тестілеуден өту нәтижелері

себебі	әдістеме атауы	пайымдау, қорытынды	ескертпе
--------	----------------	---------------------	----------

Қорытынды _____

Психолог _____

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен
тәрбие, психологиялық және
идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
6-қосымша

Психодиагностикалық жұмыстарды есепке алу журналы

№	Күні	Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда , лауазымы	Психологиялық жұмыс әдістері	Зерттеу нәтижелері, қорытындылар	Ескертпе
---	------	---	---------------------------------	--	----------

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен

тәрбие, психологиялық және
идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
7-қосымша

Динамикалық бақылау журналы

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), бөлімше	Есепке алу күні	Есептен шығару күні	Есепке алу себебі	Психикалық әдістермен түзету жұмыс түрі	Ескертпе

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен
тәрбие, психологиялық және
идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
8-қосымша

Жеке жұмыс нысандары журналы (консультация)

№	Күні	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы/ қызметкер бөлімшесі	Консультация негізі	Нәтижелер / ұсыныстар	Ескертпе

Азаматтық қорғау
органдарының жеке құрамымен
тәрбие, психологиялық және
идеологиялық жұмыстарын
ұйымдастыру қағидаларына
9-қосымша

Топтық жұмыс нысандары журналы (тренингтер)

№	Өткізу күні	Бөлімше	Адам саны	Жұмыс түрі	Мақсаты	Ескертпе